«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің торағасы

_____ Есепалин Р.Б.

«___» _____ 20__ ж.

«Келісілді»

«Қазақстан футбол федерациясы» қауымдастығы»
ЗТБ Бас хатшысы

_____ С. Манн

«12» _____ 2026 ж.

ЕРЕЖЕ
2026–2027 жылдар маусымында балалар мен жасөспірімдер командалары арасында футзалдан Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізу туралы

Астана қаласы, 2026 жыл

1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ КЕТУ КҮНДЕРІ

1.1. Жарыстың атауы: 2026–2027 жылдар маусымында балалар мен жасөспірімдер командалары арасында футзалдан Қазақстан Республикасының чемпионаты (бұдан әрі – Жарыс).

1.2. Жарыстың мақсаттары мен міндеттері:

- Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер футзалын дамыту;
- футзал клубтарының жасөспірімдер командалары ойыншыларының сапалы оқу-жаттығу процесін жүзеге асыру үшін Жарыстың жүйелі түрде өткізілуін қамтамасыз ету;
- ойыншыларды оқыту және тәрбиелеу;
- футзал ортасында жыныстық, нәсілдік, діни және ұлттық тиістілігі бойынша кемсітушілікке жол бермеуді бақылау және қамтамасыз ету;
- командалардың ойыншылардың Жарысқа қатысуы үшін көзделген медициналық-санитариялық қамтамасыз ету талаптарын және допингке қарсы қағидаларды сақтауын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының жанкүйерлері, қалың жұртшылығы, бұқаралық ақпарат құралдары және іскерлік топтары арасында футзалды насихаттау;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау, қорытынды турнирлік кестеде командалардың иеленген орындарын белгілеу.

1.3. Жарысты жалпы ұйымдастыруды, өткізуді және оның өткізілуін бақылауды Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – ҚФФ) жүзеге асырады.

1.4. Жарысты тікелей ұйымдастыруды, өткізуді және басқаруды ҚФФ-ның балалар/жасөспірімдер арасындағы жарыстарды өткізу және қыздар футболы жөніндегі дирекциясы (бұдан әрі – БЖФД) және ҚФФ-ның төрешілік ету, инспекциялау және VAR жүйесін дамыту департаменті (бұдан әрі – ТИД) жүзеге асырады, олар Жарыстың әрбір кезеңінің (турының) Төрешілер алқасын қалыптастырады. Төрешілер алқасының құрамына Жарыстың бас төрешісі (инспекторы), жергілікті футбол федерациясының (қауымдастығының) (бұдан әрі – ЖФФ) Төрешілер комитетінің төрағасы және/немесе оның атынан өкілдік ететін өзге тұлға кіруге тиіс. Төрешілер алқасының құрамына БЖФД және ТИД қызметкерлері де кіруі мүмкін.

1.5. Төрешілік ету ФИФА бекіткен футзал ойыны қағидаларының қолданыстағы редакциясына сәйкес жүзеге асырылады.

1.6. Әрбір турға бас төрешілерді (инспекторды) тағайындауды ҚФФ Төрешілер комитеті жүзеге асырады. Жарыс ойындарына төрешілерді тағайындауды ЖФФ Төрешілер алқасы жүзеге асырады.

1.7. Жарыс матчтарына ҚФФ Төрешілер комитеті аттестаттаған бас төреші (инспектор) мен төрешілер тағайындалады. Әрбір матчқа матч төрешілері (бірінші және екінші төреші), сондай-ақ үшінші төреші және хронометрист-төреші тағайындалады.

1.8. Әрбір белгіленген тур басталар алдында Жарыстың бас төрешісі стадионның және тиісті қызметтердің матчтарды өткізуге дайындығын тексеруге және анықталған бұзушылықтардың дереу жойылуын талап етуге міндетті.

1.9. Жарыстың әрбір белгіленген туры аяқталғаннан кейін барлық қажетті құжаттар келесі күні пошта арқылы тапсырысты хатпен мына мекенжайға жіберілуге тиіс: 010000, Астана қ., Бауыржан Момышұлы даңғылы, 5а, 2-қабат, 214-кабинет, Қазақстан футбол федерациясы, БЖФД. Сондай-ақ Жарыстың әрбір матчының толтырылған қорытынды хаттамасы электрондық түрде мына электрондық пошта мекенжайына жіберілуге тиіс: **protocoldyf@kff.kz**

Матч хаттамалары мен есептерінің көшірмелері ағымдағы маусым аяқталғанға дейін Жарыстың бас төрешілерінде сақталуға тиіс.

1.10. Жарысты өткізу мерзімдері: 2026 жылғы қазан – 2027 жылғы маусым. Ойындар күнтізбесін, әрбір жас санатындағы жарыс форматын, өткізу күндері мен орындарын Жарыстың барлық жас санаттары бойынша қатысушылардың сандық құрамы анықталғаннан кейін БЖФД бекітеді.

1.11. Жарыстың жас санаттары және матчтардың ұзақтығы:

- 2008 жылы туған және одан кейінгі жастағылар U-19 (әрқайсысы 20 минуттан 2 тайм («таза» уақыт), үзіліс – 10 минут);
- 2010 жылы туған және одан кейінгі жастағылар U-17 (әрқайсысы 20 минуттан 2 тайм («лас» уақыт, әр таймның соңғы 2 минуты – «таза» уақыт), үзіліс – 10 минут);
- 2012 жылы туған және одан кейінгі жастағылар U-15 (әрқайсысы 20 минуттан 2 тайм («лас» уақыт, әр таймның соңғы 2 минуты – «таза» уақыт), үзіліс – 10 минут);
- 2014 жылы туған және одан кейінгі жастағылар U-13 (әрқайсысы 20 минуттан 2 тайм («лас» уақыт, әр таймның соңғы 2 минуты – «таза» уақыт), үзіліс – 10 минут).

1.12. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Жарыс матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер қолданылуы мүмкін. Қосымша шарттардың және/немесе шектеулердің тізбесі осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан аумағында жарыстарды өткізу хаттамасында көрсетіледі.

1.13. Жарысты өткізу барысында туындауы мүмкін, осы Ережеде көзделмеген мән-жайлар бойынша шешімді БЖФД қабылдайды.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. Жарысқа кәсіби футзал клубтарының даярлық топтарының балалар және жасөспірімдер командалары, жеке меншік (әуесқой) футзал мектептерінің командалары қатысуға жіберіледі.

2.2. Жарысқа азаматтығын растайтын құжат (паспорт/жеке куәлік) негізінде тек Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ойыншылар ғана қатысады.

2.3. Жарыстың белгілі бір кезеңіндегі (бір сапар/тур) команданың сандық құрамы барлық жас санаттарында кемінде 10 ойыншыдан тұруға тиіс. Жарыстың әрбір матчында клуб командасының құрамында міндетті түрде жаттықтырушы, сондай-ақ команда дәрігері болуға тиіс. Командада дәлелді себеппен дәрігер болмаған жағдайда, жаттықтырушының алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша медициналық курстардан өткенін растайтын сертификаты болуға тиіс.

2.4. БЖФД қатысушылардың сандық құрамы өзгерген жағдайда, сондай-ақ Жарыстың өткізілу сапасына әсер етуі мүмкін басқа да факторларға байланысты әрбір жас санатындағы Жарысты өткізу форматына, Ойындар күнтізбесіне және Жарыс өткізілетін қалаларды белгілеуге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

2.5. Командалардың өкілдері матч басталғанға дейін 60 минут бұрын матч хаттамасына ойыншылардың тегі мен атын, олардың ойын нөмірлерін көрсете отырып енгізуге міндетті. Жарысқа қатысушы әрбір ойыншының өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты (паспорт/жеке куәлік) болуға тиіс. Жеке басын растау мақсатында Жарыстың бас төрешісі және/немесе матч төрешісі ойыншының (ойыншылардың) жеке басын куәландыратын құжатын (паспортын) талап етуге құқылы. Матч хаттамасына команданың бас жаттықтырушысы мен дәрігері қол қояды. Матч хаттамасын электрондық форматта міндетті түрде толтыру талаптары енгізілген жағдайда, БЖФД жасөспірімдер командаларының менеджерлеріне, Жарыстың бас төрешілеріне және төрешілерге нұсқама өткізуді қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда командалар матчтың электрондық хаттамасын алдын ала, бірақ матч басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын толтыруға міндетті.

2.6. Матч кезінде клубтың ресми тұлғалары арнайы бөлінген орындарда, техникалық аймақта болуға тиіс.

2.7. Жарысқа қатысу үшін командалар екі түрлі ойын киімін мәлімдейді: негізгі және қосымша. Ойыншылардың жейделерінде өздері өкілдік ететін клубтың эмблемасы болуға тиіс. Футзал ойынының қағидаларына сәйкес ойыншылар матчтарды жіліншік қорғаныштарымен өткізуге міндетті.

2.8. Жарыстың белгілі бір турын ұйымдастырушы клуб Жарыс матчтарының онлайн-трансляциясын жүргізу үшін интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

2.9. Жарыстың белгілі бір турын ұйымдастырушы клуб ҚФФ-ның ресми интернет-ресурстарында жедел орналастыру үшін жауапты қызметкер арқылы әрбір матчтың ақпараттық сүйемелденуін (фотосуреттер, қысқа бейнероликтер, ойыншылармен, жаттықтырушылармен қысқаша сұхбаттар (флеш-сұхбаттар) және т.б.) қамтамасыз етуге міндетті.

2.10. Жарыстың барлық кезеңдеріне қатысатын қонақ клубтар келетін күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Жарысты ұйымдастырушы клубқа келу және кету күні мен уақытын, команданың сандық құрамын, сондай-ақ команданың тұратын орындарын хабарлауға міндетті.

2.11. Жарыстың әрбір кезеңіне арналған Ойындар күнтізбесін қалыптастыру кезінде командалардың келу күні бастапқы күн ретінде көрсетіледі. Командалардың кету күні Жарыстың белгілі бір кезеңіндегі соңғы ойыннан кейінгі келесі күнге белгіленеді.

2.12. Әуе немесе теміржол көлігімен жол жүру мүмкіндігі болмаған және автомобиль көлігімен жол жүруді ұйымдастыру қажеттілігі туындаған жағдайда, қонақ клубтар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының 12-тарауының талаптарына сәйкес Жарыс өткізілетін елді мекенге дейін және кері қайту жолының бүкіл бойында команданы алып жүруді қамтамасыз етуге міндетті.

2.13. Барлық жас санаттарындағы командалардың орындары әрбір жас санатындағы Жарысты өткізу форматына сәйкес барлық кездесулерде және/немесе әрбір кезеңде (турда) жеке-жеке жинаған ұпайларының ең жоғары жиынтығы бойынша анықталады. Матчтағы жеңіс үшін – 3 ұпай, тең ойын үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай беріледі.

Екі немесе одан да көп команданың ұпайлары тең болған жағдайда, орындар мынадай тәртіппен анықталады:

- жеңістердің ең көп саны бойынша;
- өзара ойындардың нәтижелері бойынша (ұпайлар саны, жеңістер саны, соғылған және жіберілген доптар айырмасы, соғылған доптар саны);
- соғылған және жіберілген доптардың ең жақсы айырмасы бойынша;

- соғылған доптардың ең көп саны бойынша;
- матч хаттамаларына енгізілген бұзушылықтар үшін берілген айыппұл ұпайларының ең аз саны бойынша (ескерту – 1 айыппұл ұпайы, алаңнан қуылу – 5 айыппұл ұпайы).

Осы тармақтағы барлық көрсеткіштер басымдық тәртібімен көрсетілген, яғни есептеу кезінде алдыңғы көрсеткішке басымдық беріледі.

Барлық көрсеткіштер толық тең болған жағдайда, командалардың орындары жеребе тарту арқылы анықталады.

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Медициналық-санитариялық талаптарды сақтау қажеттілігіне сәйкес Жарысқа қатысушылардың барлығы барлық ойыншылардың тереңдетілген медициналық тексеруден (бұдан әрі – ТМТ) өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Жарысқа қатысу үшін өтінім беру науқаны барысында клубтар әрбір ойыншыға ағымдағы жылы медициналық тексеру жүргізген медициналық мекеме дәрігерінің қолымен және мөрімен расталған ТМТ көшірмесін, жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы сақтандыру куәлігінің көшірмесін, сондай-ақ жүректің ультрадыбыстық зерттеуінің (УДЗ) көшірмесін ұсынуға міндетті.

3.2. Жарыстың белгілі бір кезеңін ұйымдастырушы клуб ҚФФ қызметкерлеріне Жарысты өткізу кезінде медициналық персоналы және барлық қажетті реанимациялық жабдықтары (дефибриллятор мен өкпені жасанды желдету аппаратының болуы міндетті) бар жедел медициналық жәрдем көлігінің (реанимобильдің) болуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге міндетті. Аталған көлік матч басталғанға дейін 30 минут бұрын келуге және матч аяқталғанға дейін стадионнан кетпеуге тиіс.

3.3. Жарыстың белгілі бір кезеңін ұйымдастырушы клуб ҚФФ қызметкерлеріне қатысушыларға қажетті алғашқы медициналық көмек көрсету үшін білікті медицина қызметкерімен (дәрігермен) қамтамасыз етуге жәрдемдесуге міндетті. Медицина қызметкері (дәрігер) арнайы бөлінген орында болуға тиіс және Жарысқа келген жедел медициналық жәрдем көлігінің дәрігері міндеттерін бір мезгілде атқармауға тиіс.

3.4. Командалар Жарысқа қатысушылар үшін көзделген допингке қарсы қағидаларды сақтауға міндетті.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

4.1. Футзал клубының атынан БЖФД-да өтінім құжаттамасын ресімдеуге тек клуб менеджеріне және/немесе клубтың балалар мен жасөспірімдер футзалын дамыту бағдарламасының басшысына рұқсат етіледі.

4.2. Жарысқа қатысу және өтінім беру науқанынан өту үшін клуб жасөспірімдер командаларының санын, сондай-ақ бұрын ұсынылған құжаттардың заңды күшін растайтын кепілдік хатты, сонымен қатар ҚФФ-ның қамқоршылық рөлін жазбаша растауды және осы Ережені құрметтеу мен сақтау, сондай-ақ футзал клубының Жарысқа қатысуына қатысты ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің барлық нұсқамалары мен нұсқауларын орындау міндеттемесін ұсынуға тиіс.

4.3. Өтінім құжаттамасын ресімдеу кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

- 3 данада өтінім парағы. Өтінім парағына ойыншылардың шектеусіз санының тегі, сондай-ақ клубтың басшылық және жаттықтырушылар құрамы мен команданың қызмет көрсетуші персоналы енгізіледі;
- ойыншыны клубқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;
- жаттықтырушылар мен дәрігерді клубқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;
- жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі. Қажет болған жағдайда БЖФД құжаттың түпнұсқасын қосымша талап ете алады. Жарысқа қатысу үшін алғаш рет өтінім берілетін ойыншыларға, сондай-ақ құжаттың қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты оны ауыстырған жағдайда, жеке басын куәландыратын құжаттың (паспорт/жеке куәлік) түпнұсқасын және клуб басшысының қолымен, клуб мөрімен расталған көшірмесін ұсыну міндетті;
- әрбір ойыншының ТМТ көшірмесі;
- ойыншыны жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы сақтандыру куәлігінің көшірмесі;
- әрбір ойыншының ағымдағы жылы медициналық тексеру жүргізген медициналық мекеме дәрігерінің қолымен және мөрімен расталған жүрек УДЗ-сының көшірмесі;
- өтінім парағына сәйкес әрбір ойыншының, жаттықтырушының, клуб (команда) өкілінің, команда мамандарының 3×4 см өлшеміндегі бір фотосуреті (міндетті түрде клуб логотиптері бар бірыңғай нысандағы киіммен).

4.4. Өтінім парақтарына клуб басшысы, ойыншыларды медициналық тексеруден өткізген медициналық мекеменің дәрігері қол қояды және олар тиісті мөрлермен расталады.

Ескертпе: өтінім парақтары ҚФФ логотиптері бар, А4 форматындағы басып шығарылған түрде ресімдеуге қабылданады. Жарысқа қатысуға өтінім берілген барлық ойыншылар БЖФД-да «KFF-connect» платформасында тіркеуден өтеді.

4.5. Клубтардың өтінім/қосымша өтінім құжаттамасын ресімдеуі БЖФД қосымша айқындайтын және бекітетін кестеге сәйкес қашықтан жүзеге асырылады. Өтінім құжаттамасын ресімдеу кестесі сақталмаған жағдайда, клубқа ҚФФ Тәртіптік регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

4.6. Ойыншыларды өтінімнен шығару және басшылық пен жаттықтырушылар құрамындағы өзгерістер клуб басшысының ресми хаты негізінде тіркеледі.

4.7. Суперлига және Жоғары лига клубтары арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысу үшін клуб командасының өтінім парағына енгізілген кез келген ойыншы осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, аталған команданың құрамында Жарысқа қатысу үшін матч хаттамасына енгізілуі мүмкін.

4.8. Жарысқа қатысу үшін команданың өтінім парағына енгізілген ойыншылар бір спорттық маусым ішінде бір командаға екі рет өтінім бере алмайды.

4.9. БЖФД белгілеген нысан бойынша толтырылған команданың өтінім парағына ойыншылардың шектеусіз санының тегі енгізіледі. Басшылық құрамның ең аз саны – екі адам. Өтінім парағын клуб басшысы, медициналық мекеме және тиісті аумақтық бірліктің ЖФФ-сы растайды. Ойыншыларға қосымша өтінім беру осы Ереженің талаптарына сәйкес қашықтан жүзеге асырылады.

4.10. Қатысушы клубтар командалардың Жарысқа қатысуына байланысты барлық шығыстарды өздері көтереді.

4.11. Жарыстың белгілі бір турын ұйымдастырушы клуб қатысушы командалардың тұратын орындарында, сондай-ақ Жарыс матчтары өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті қорғауды (әрбір матчты өткізу кезінде кемінде 5 қызметкер) қамтамасыз етуге және Жарыс матчтарын өткізуге байланысты өзге де шығыстарды өтеуге тиіс.

4.12. ҚФФ мынадай шығыстарды көтереді:

- Жарыс матчтары өткізілетін спорт ғимараттарын жалға алу ақысын төлеу;
- жедел медициналық жәрдем көлігінің қызметіне ақы төлеу;
- медицина қызметкерлерінің қызметіне ақы төлеу;
- бейнеоператорлардың қызметіне ақы төлеу;
- Жарысқа қатысушыларды марапаттау;
- басқа қалалардан келген төрешілердің іссапар шығыстарын және төрешілік еткені үшін ақы төлеу;
- басқа қалалардан келген Жарыстың бас төрешісінің (инспекторының) және төрешілердің (барлығы 6 адамнан аспайды) Жарыс матчтары өткізілетін жерге дейін және кері қайту жолақысын төлеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормаларға сәйкес басқа қалалардан келген Жарыстың бас төрешісі мен төрешілердің (барлығы 6 адамнан аспайды) Жарыс матчтары өткізілетін елді мекенде болған уақытындағы тұру және тамақтану шығыстарын (оның ішінде жолдағы тәуліктік шығыстарды) төлеу;
- матчтарды өткізу үшін FIFA халықаралық стандарттарына сәйкес келетін доптармен қамтамасыз ету.

4.13. Жарыстың белгілі бір кезеңін ұйымдастырушы клуб өз қызметкерлерінің арасынан немесе өзге тұлғалардан жергілікті жерлерде іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты адамды тағайындауға міндетті, оның ішінде:

- БЖФД-ға және/немесе ТИД-ке жедел ақпарат беру мақсатында алдағы/өткен матчтың құжаттарын сканерлеу және басып шығару үшін Жарыстың бас төрешісіне интернетке қолжетімділікті, сондай-ақ компьютерді (ноутбук) және принтерді ұсыну;
- төрешілер бөлмесінде сусындар мен жемістердің болуын қамтамасыз ету;
- ойын күні қатысушыларды әрбір командаға кемінде 20 литр мөлшерінде бөтелкедегі ауызсумен (бір бөтелкенің көлемі 0,5 литрден аспауға тиіс) қамтамасыз ету;
- қатысушы командалардың тұратын орындарында, сондай-ақ Жарыс матчтары өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету (әрбір матчты өткізу кезінде кемінде 5 қызметкер).

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Жарыстың әрбір жас санатында бірінші орын алған командаға «2026–2027 жылдар маусымында жасөспірімдер командалары арасында футзалдан Қазақстан Республикасының чемпионы» атағы беріледі. Команда дипломмен және естелік жүлдемен, ал ойыншылар мен жаттықтырушылар тиісті дәрежедегі дипломдармен және медальдармен марапатталады.

5.2. Жарыстың әрбір жас санатында екінші және үшінші орын алған командалар дипломдармен, ал командалардың ойыншылары мен жаттықтырушылары тиісті дәрежедегі дипломдармен және медальдармен марапатталады.

5.3. Әрбір жас санатында үздік қақпашы, үздік қорғаушы, үздік шабуылшы, үздік сұрмерген және үздік ойыншы номинациялары бойынша үздік ойыншыларды Төрешілер алқасы анықтайды және олар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

6. НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

6.1. Наразылықтар ҚФФ-ның Бақылау, тәртіптік және этикалық комитетінің (бұдан әрі – БТЭК) отырысында қаралады. Наразылық футзал ойыны қағидаларының сақталмауына және/немесе осы Ереженің матчты өткізуге қатысты талаптарының бұзылуына байланысты фактілерге (әрекеттерге немесе әрекетсіздікке) қатысты берілуі мүмкін.

6.2. Мыналар қарауға қабылданбайды:

- белгіленген мерзімнен кеш берілген наразылықтар;
- матч хаттамасында тіркелмеген наразылықтар;
- төрешілік ету сапасына қатысты наразылықтар.

6.3. Наразылықтың мазмұнында шағым беруге негіз болған себептер көрсетілуге, сондай-ақ осы Ереженің бұзылуына және/немесе футзал ойыны қағидаларының қолданыстағы редакциясының сақталмауына байланысты мән-жайлар егжей-тегжейлі баяндалуға тиіс.

6.4. Команда жаттықтырушысы матч аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей наразылық беруге құқылы және бұл туралы Жарыстың бас төрешісі мен матчтың бас төрешісіне дереу хабарлауға міндетті. Наразылықтың берілуі (оның қысқаша мазмұны) матч хаттамасында көрсетіледі.

6.5. Қарсылас команданың өкілі наразылықтың берілгені туралы хабардар етілуге тиіс, бұл жөнінде матч хаттамасына тиісті жазба енгізіледі.

6.6. Команда жаттықтырушысы қол қойған, наразылық егжей-тегжейлі баяндалған өтініш матч аяқталған сәттен бастап 24 сағат ішінде электрондық пошта арқылы БЖФД-ға жіберілуге тиіс.

6.7. Наразылық барлық материалдар келіп түскен сәттен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірілмей қаралады.

6.8. Наразылық беруге байланысты қажетті материалдарды клуб матч аяқталған күннен бастап 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей немесе БЖФД-ның талабы бойынша 24 сағат ішінде ұсынады.

6.9. Наразылықтың мазмұнын құрайтын мән-жайлар тиісті материалдармен, атап айтқанда: матч хаттамасындағы және Жарыстың бас төрешісінің рапортындағы жазбалармен, төрешілердің рапорттарымен, матчтың бейнежазбасымен немесе мән-жайларды объективті әрі толық зерделеуге ықпал ететін өзге де құжаттармен расталуға тиіс.

6.10. Наразылық берген лауазымды тұлғалар наразылықта қамтылған мәліметтердің дұрыстығы мен объективтілігі үшін жауапты болады. Наразылықта жалған, бұрмаланған мәліметтер қамтылған жағдайда, сондай-ақ матч хаттамасына наразылық беру туралы жазба енгізілгенімен, клуб материалдарды ҚФФ-ға жіберу бойынша одан әрі қажетті әрекеттерді орындамаған жағдайда, БТЭК «ҚФФ Тәртіптік регламентіне» сәйкес клубқа немесе наразылық берген тұлғаларға санкциялар қолданады.

6.11. Жарыс турына келген ойыншылардың мінез-құлқы үшін клубтар және/немесе жаттықтырушылар, және/немесе команда өкілдері жауапты болады.

6.12. Ойнап жатқан командалардың тәртіпсіз мінез-құлқы салдарынан матч өткізілмей қалған жағдайда, Төрешілер алқасының шешімімен бұған кінәлі командаға 0:5 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 5:0 есебімен жеңіс есептеледі.

6.13. Матчқа дәлелді себепсіз келмеген командаға Төрешілер алқасының шешімімен 0:5 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 5:0 есебімен жеңіс есептеледі. Матчқа дәлелді себепсіз қайта келмеген жағдайда, БТЭК шешімімен кінәлі клубқа ҚФФ Тәртіптік регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

6.14. Егер Жарыстан шығарылған команда матчтардың жартысынан азын өткізсе, оның нәтижелері жойылады. Егер ол матчтардың жартысын немесе одан көбін өткізсе (Жарыстың әрбір кезеңі бойынша жеке-жеке), аталған командаға қалған матчтарда 0:5 есебімен жеңілістер есептеледі, ал қарсылас командаларға 5:0 есебімен жеңістер беріледі.

6.15. Белгіленген тәртіппен ресімделмеген немесе дисквалификацияланған ойыншы матчқа қатысқан жағдайда, Төрешілер алқасының шешімімен командаға 0:5 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 5:0 есебімен жеңіс беріледі.

6.16. Жарыс барысында үш ескерту алған ойыншы автоматты түрде (шешім шығарылмай) келесі бір ойынға қатысу құқығынан айырылады. Бір матчта 2 (екі) ескерту алған ойыншы БТЭК отырысында қарауға шығарылмай, автоматты түрде келесі бір ойынға қатыспайды.

6.17. Алаңнан қуылған ойыншы автоматты түрде келесі бір ойынға қатыспайды. Матч хаттамасында төреші белгілеген ойыншылар мен команданың ресми тұлғаларын алаңнан «тікелей» куу жағдайларының барлығын Төрешілер алқасы қарайды, ол тәртіп бұзушыны ҚФФ Тәртіптік регламентінде көзделген матчтар санына шеттетуге құқылы. Төрешілер алқасы БТЭК шешім қабылдағанға дейін тәртіп бұзушыны шеттетуге құқылы. Жарыс барысында жасалған барлық өзге тәртіптік бұзушылықтар, оның ішінде командалардың ресми тұлғалары (жаттықтырушылар мен команда өкілдері) тарапынан жасалған бұзушылықтар БТЭК отырысында қаралуға жатады.

6.18. Төрешілер алқасының барлық шешімдеріне Төрешілер алқасы шешім шығарған күннен бастап және/немесе қаралып жатқан мәселе бойынша барлық қажетті материалдар келіп түскеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде БТЭК-ке шағым жасалуы мүмкін.

6.19. Осы Ереженің талаптарының бірін орындамау немесе командалардың Жарыс матчтарына қатысудан бас тартуы кінәлі клубқа ҚФФ Тәртіптік регламентіне сәйкес санкциялар қолдану мақсатында БТЭК отырысында қаралуға жатады.